




Еңбек еткеннің еңсесі биік

2



Құрылыс алаңында жұмыс қызу

3



Жүргізуші жауапкершілігі

3



Көздің жауын алған кәдесыйлар

4



# Сыр бойы



№190  
(19868)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboiykz

19 желтоқсан / БЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

## Сапа саласындағы сыйлық

Облыстағы бірқатар озық кәсіпорын сапа саласындағы жетістігі үшін Президенттің «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлықтарын иеленді.

Назерке САНИЯЗОВА.

«Алтын сапа» сыйлығының «Үздік инновациялық жоба» номинациясы бойынша – «СКЗ-У», «Азық-түлік тауары және/немесе ауыл шаруашылығы өнімін шығаратын үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша «Магжан және К» компаниялары марапатталды.

«СКЗ-У» серіктестігі инновациялық серпінді жобаны жүзеге асырып келеді. Ондағы мақсат – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ға қарасты уран шығаратын кәсіпорындардың күрт қысқаруына қажеттілікін қанағаттандыру.

Күрші өсірумен айналысатын «Магжан және К» ЖШС Сырдария ауданындағы Н.Ильясов ауылы тұрғындарының 55-60 процентін жұмыспен қамтып отыр. Ал өнімнің елімізден бөлек, Ресей, Украина, Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстан нарығына таратады.



Әлемде сапаға берілетін 70-тей сыйлық түрі бар. Оның тарихы 1880 жылдардан басталады. Ал Қазақстан Президентінің «Алтын сапа» белгісі – 2006,

«Парыз» сыйлығы 2008 жылдан беріле бастады. Былғы байқауға ел игілігі жолында еңбек етіп жүрген 600-ден астам кәсіпорын қатысты. Оның 65-і

аталған сыйлықтарды иеленді. Үздіктер қатарында нарықтық экономикада серпінді күшке ие «Абзал және К» компаниясы да бар. Ол «Парыз»

сыйлығының «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясы бойынша алтын жүлде алды. Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі аясында серіктестік биылдың өзінде 54 жаңа жұмыс орнын ашты. Осылайша 400-ден астам адамды еңбекпен қамтып отыр. Соңғы жылдары Сырдария ауданының Н.Ильясов ауылын дамыту үшін 1 млрд теңгеден астам қаржы жұмсаған.

Отандық өнімді экспорттаушылар арасында «Абай Дәулет» ЖШС «Ұлы дала елі» брендіне ие болды. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тағайындаған сыйлық тауар өндіруші немесе қызмет көрсетушіге аталған брендті 5 жыл бойы жарнамалық мақсатта қолдану құқығын береді. Ал күрші шаруашылығындағы үздік кәсіпорын директоры Мұрат Сәрсенбаев республикалық «Жыл мененаты» номинациясы бойынша марапат биігінен көрінді. Ол, сондай-ақ, Президент Жарлығымен мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі еңбегі, еліміздің жан-жақты дамуына, халықтар достығы мен ынтымақтастығын нығайтуға қосқан үлесі үшін «Құрмет» орденімен марапатталды.

### БӘРЕКЕЛДІ

Тұтас әлем көз тіккен Ақтөбедегі байрақты бәсекеде Сырдың палуан ұлы Нұрым Сәлімгереевтің бағы жанды. 100 келіде сыға түскен жерлесіміз Әлем чемпионы атанды. Тартысты өткен бәсекеге 40-тан астам мемлекеттен 200 палуан қатысып, 9 салмақ дәрежесінде күш сынасты.

Дәулет ҚЫРДАН.

## Нұрымның айқын жеңісі



мақсат көп, – дейді чемпион.

Қазірдің өзінде Нұрым Сәлімгереев оқу-жаттығу жиындарында жүр. 2020 жылы Әзербайжан, Моңғолия, Грузия, Армения, Өзбекстан мемлекеттерінде жаттығу өтеді. Онда дайындықпен қатар жолдастық белдесулер болатын көрінеді.

– Менің арманым Әлем чемпионы болу еді. Бір ерекшелігі, ол тәуелсіздік күнінде орындалды. Ендігі жерде көкте желбіреген байрағымызды төмен түсірмесек деймін. Қанша дегенмен, тек жалғыз өзіңнің емес, тұтас елдің атынан шыққасын қазаққа ортақ абырой. Мен үшін бастысы осы болды. Көк туым биіктеген сайын бойымды бір алапат күш билеп, кеудемді мақтаншыл сезімі кернеді. Бұл – тәуелсіз қазақ елінің жеңісі, – дейді Нұрым Сәлімгереев.

Бұған дейін қазақ күресінен ел чемпионаты Қызылордада өткен. Түйе палуандар белдесуінде көрермен ауық-ауық Нұрымды іздеді. Спортшыны жаракатына байланысты шыға алмайды деген соң көпшілік алаңдаған. Бүгінгі әлем чемпионы Нұрымның сол сәттен өзін дайындап жүргенін байқатқандай болды.

– Мен үшін қарсыластың ең қиыны ирандық пен грузин болды. Жаттықтырушы үйреткен техникалар мен әдіс-тәсілді барынша салдым. Сәтін салып, Әлем чемпионы атандым. Бұл жеңіс төгілген тердің, тынымсыз еңбек пен үздіксіз ізденістің арқасы. Алда әлі

Ақтық сында грузиялық Давид Лориашвилидің жауырынның жерге тигізіп, айқын жеңіске жеткен жерлесіміз ҚР халықаралық дәрежелігі спорт шебері нормативін орындады. Жеңісті күнің көп болсын, Нұрым!

### САПАР

## Мерекке қарсаңында әлеуметтік нысандар ашылды



Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Жанақорған, Шиелі аудандарында болды. Онда халықтың игілігі үшін салынған әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Жанақорған ауданына қарасты екі бірдей ауылда спорт кешендері ашылса, Шиеліде ауданаралық аурухана өз жұмысын бастады. Сондай-ақ, күн энергиясынан қуат алатын «VaiKonur Solar» электр станциясы ашылды.

Дәулет ҚЫРДАН.

### Спорт кешені – ел даңқының бастау мекені

Жанақорған ауданына қарасты Қожақент ауылының тұрғындары мәресіре. Себебі, бұған дейін елдегі спортсүйер жеткіншектер білім ошағында дайындалатын. Бұл мәселеге кәсіпкерлер де араласты. Талабы таудай жастардың ынталықтарына риза болып, жергілікті кәсіпкер Иатулла Үсенов лемеушілік жасалы. Нәтижесінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында заманауи спорт кешені пайдалануға берілді.

– Тәуелсіздік күні қарсаңында Қожақент ауылындағы спортсүйер қауым үшін арнайы спорттық-сауықтыру кешенін ашып отырмыз. Сыр өңірінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүздеген маңызды әлеуметтік нысан ашылып, ел игілігіне берілуде. Осындай серпінді жобалар Жанақорған ауданында да жүзеге асырылып келеді. Жылдың басында Суттқұдық ауылдық округінде бой көтерген спорт нысандары осыған дәлел. Міне, бүгін Қожақент ауылында да заманауи талаптарға сай спорт кешені ашылды. Спортқа жаны құмар жас ұрпақты қуанышка бөлеп, 13 тұрғынды жұмыспен қамтып, 300-ден астам жасөспірімге волейбол, бокс, ауыр атлетика, белбеу күресі, қазақ күрестерінен тәлім-тәрбие беретін, еліміздің жігерлі жастарын дайындайтын жаңа спорт кешені құтты болсын, – деді облыс әкімі.

Қожақентте спорт саласы жолға қойылған. Ауыр атлетика, күрес тәрізді спорт түрлерінен жасөспірімдер арасында ел чемпиондары шыққан. Бір ғана ауыр атлетиканың өзінде 30 бала шынығып келеді. Зілтемір көтеруден Мейрамбек Әбдіхалықов, Ғазиза Сәрсенбек, Гүлдана Мұхамедияр секілді жасөспірімдер топ жарып жүр. Елді мекендегі №184 орта мектептің 6-сынып оқушысы Гүлдана Мұхамедияр жаңа кешенде жаттығатынына қуанышты.

– Біз бұрын тар залда жаттығатынбыз. Сонда да намысқа тырыстық. Шардарада өткен республикалық турнирде II орын алдым. Енді мынадай заманауи үлгіде жағдай жасалған соң жетістіктерімізді еселейміз. Әрине, ол үшін тынымсыз еңбек керек. Мен алдыма таяу арада Қазақстан чемпионы боламын деген мақсат қойдым. Енді сол мақсатқа жетуге аз қалған сияқты, – дейді ол.

Арман-мақсатын спортпен байланыстырған Гүлдана сынды жастарды мұнда Асылқожа Сағатов тәрбиелейді. Бұрын қанша қиындықпен келетін жеңіс енді қолда деп отыр ол.

– Жасыратыны жоқ, бұрын жағдайымыз болмады. Бар болғаны бір-екі құрал-жабдықпен дайындалдық. Мұнда өздеріңіз көріп отырғандай, тренажерлардың өзі кісі қызығарлықтай. Гантельдер, жүгіру жолағы секілді қажетті құралдарға қолымыз жетті. Енді кең залда дайындаламыз, – дейді жаттықтырушы.

2-бет.



### БАСПАСӨЗ-2020

## Қапы қалмаңыз, оқырман!

Бүгінгі «Сыр бойы» біздің жастық шағымызды елестетеді. Басылымды ауылдағы жұрт құмарта оқитын. Біз тындаймыз. Ауылдағы хат тасушы майдангер Рүстем ата қырық шақырым қашықтағы қалаға қара есегімен қатынап, кештеге оралатын. Келген бойда үйді-үйге ұлы Камар екеуі хат пен газетті таратады. Біз таңырқаймыз, қалай шаршамайды дейміз. Сол ата отыз жылға жуық дүниеден өткенше газет, хат-хабар таратушы болды.

Елу жылдан астам бауыр басқан «Сыр бойының» әрбір саны көкірегімде

сайрап тұр. Осы уақытқа дейін күнделік жүргіземін. Ұшқыр ой, ұтымды сөз кездесе, жерден жеті қоян тапқандай қуанамын. Сол сүрленген қойын дәптерімді парақтап оқып, қуат аламын. Басылымның тәуір дүниелерін насихаттаймын.

Ақын Әбділла Тәжібаев баспасөз құдіретін былайша суреттейді. Ұлым менін, ұрпағым мақтанатын, Сен туғансың еліңді сақтау үшін. Сен туғансың еліңді жоқтау үшін. Намысыңды, арыңды сақтау үшін! Қандай керемет теңеу! Бүгінгі тоқсан жылдық белесіне шыққан

«Сыр бойы» талай тұлғаларды одан әрі асқатқатты. Атақты дала академигі Ыбырай Жақаевтың бірден-бір насихаттаушысы болды. Зейнулла Шүкүрөвті Ұзақ Бағаевтың «Құрыш қазақ» очеркі оқырманға паш етті. Атақты механизатор Қасымтай, дикандар командирі Алдаберген Бисенов, Ұзақ Еспанов сынды Еңбек Ерлерін жарқырата көрсетті. Қазақтың руханияты мен мәдениетінің, салт-дәстүрінің сақталуына бұл газет айрықша үлес қосып келеді.

Шындығын айтайын, бір кездесуге, жиынға баратын болсақ, «Сыр бойы-

на» бір сәт көз жүгіртіп, содан ұтымды пікірлерді ойға түйетін болдық. Қазіргі басылым формасы мүлдем бөлек, ой саларлық, танымдық дүниелері өмірге деген құштарлықтың жаршысы секілді қуат ұялатады. Бұл күндері Сыр өңірінде баспасөзге жазылу жүріп жатыр. Осынау сәттерде аға бұрын өкілдері ықыласының тағы да белегітігі байқалады.

Қапы қалма, «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты басылымдарға жазып, үлесінді қос, оқырман!

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, Қазақстанның құрметті журналисі.

## «Айтыстың ақтаңгері» атанды

Қазақтың айтыс өнеріне қарымды олжа салып, халықтың ықыласына бөленіп жүрген жерлесіміз, екі дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов жұрда Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында өткен «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты республикалық ақындар айтысында I орынды иеленіп, «Айтыстың ақтаңгері» атанды. Ақынның айтулы жеңісі Сыр жұртымыздың да бір серпілтіп тастады.



2012 жылы Қазалы ауданында өткен Ғ.Мұратбаевтың 110 жылдығына орай «Жалындап өткен жас ғұмыр» атты республикалық ақын-дар айтысынан бас бәйгеге жеңіп алса, сол жылы «Алтын домбыра» иегері атанды. Ал 2015 жылы Қызылорда қаласында өткен Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық айтыстың бас жүлде иегері атанған болатын. Ал 2016 жылы ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Алматы қаласында өткен «Алтын домбыра» аламан-айтысында бас жүлде иеленіп, ақын домбыраны екінші мәрте жеңіп алды.

Қазіргі айтыс өнерінің көш басында келе жатқан Мұхтар ақынның әлі де алар асуы биік екеніне күмән жоқ. Жүлде құтты болсын!

«СБ» ақпарат.



# Мереке қарсаңында әлеуметтік нысандар ашылды

Мұндай спорттық кешен Сунаката ауылдық округінде де ашылды. Облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасының басшысы Олжас Акимов ауылдық жерлердегі саланың дамуы қуантағынын жеткізді.

— Ауылдарда мұндай спорт нысандары жиілеп салыну да. Бұл бұқаралық спорттың дамуына зор әсерін тигізеді. Мүмкіндік жоғары. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында осыған дейін 16 спорт кешені салынды. Бүгін тағы екеуін пайдалануға беріп отырмыз. Республикада «Ең үздік спорттық өнір» атандық. Алда — Олимпиада жылы. Біз оған сақалдай сай болуымыз керек, — деді басқарма басшысы.

Жаңа нысандардың іске қосылуы ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтып, жастарды спортқа баулуға, жалпы бұқаралық спорттың дамуында ерекше маңызға ие.



## Денсаулық — басты байлық

**Шиеді халқы енді жаңа ғимаратта ем алатын болады. Аудан орталығынан 150 орындық аурухана пайдалануға берілді. Нысанның ашылу салтанатына облыс әкімі Қ.Ысқаков, ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі О.Әбішев қатысты.**

Аурухана құрылысы 2017 жылдың желтоқсанында басталған. Құны — 5 млрд 5 млн теңге. Жаңа нысанда медициналық қызметтің барлық түрі көрсетіледі деп күтілуде. Емдеу мекемесі қолданыста бұрын да болған, бірақ қызметі бірнеше есе жетілдірілген лапароскопиялық ота жасайтын видеостойба, жаңа туған нәрестеден бастап ересектерге

1-бет.

дейін қолдануға болатын жаңа санды желдендіру аппараттары, шала туған нәрестелерді бірқалыпты жылуға ұстап тұратын кювездер, ауыр жағдайдағы науқастардың жатуына ыңғайлы автоматты түрде көтеріліп-түсетін функционалды кереуеттерден өзге жаңа техникалық жабдықтармен қамтылған.

Аймақ басшысы аудан халқын жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, денсаулық саласында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Айта кетейік, облыс әлеуметтік салаға қаржы бөлуден аймақтар арасында көш бастап тұр.

— Әлеуметтік саладағы ең маңызды бағыт — денсаулық сақтау қызметінің сапасы мен оның қолжетімділігін қамтамасызету. Сондықтан, халықтың медициналық қызметке берген бағасын тұтастай мемлекетке, яғни билікке берілген баға деп қабылдау керек. Мемлекет

басшысы «Ақылды қалалар», цифрлық активтер құралдары сияқты тың технологиялық құбылыстарға бейімдеу, цифрлық қызметтердің жаһандық нарығына қатысу үшін ашық юрисдикция ретінде өзіндік брендке айналуы тиіс деп тапты. Осы орайда, аймақтағы медициналық орталықтар цифрлық қызмет көрсету жұмысына көшті. Баршаңызды азаматтарымыздың денсаулығын жақсартып, қуаныш сыйлау үшін беріліп отырған жаңа аурухананың ашылуымен құттықтаймын, — деді облыс әкімі.

Емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында ауданаралық аурухананың жаңа ғимаратына құны 2 млрд 226 млн теңге болатын құрал-жабдықтар берілген.

— Бұл — ең алдымен Мемлекет басшысының және облыс әкімінің қолдауымен іске асқан жоба. 2025 жылға дейін

облыс орталығында ғана емес, аудан мен елді мекендерде де жаңа ауруханалардың құрылысын жүргізу жоспарда бар. Өздеріңізге белгілі, келер жылдан бастап үлкен жоба іске асады. Ол — міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру. Ем алу, қымбат дәрі-дәрмек 2020 жылдан бастап қолжетімді болмақ. Бұл — азаматтарға мемлекет тарапынан жасалған үлкен қолдау, — деді ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі О.Әбішев.

## Күн электр станциясы іске қосылды

**Шиеді ауданына қарасты 14-бекеттен бой көтерген «Baikong Solar» күн электр станциясы 150 гектар жерге орналасқан. 23 млрд теңгеге бағаланған жоба тәуелсіздік мерекесі**

қарсаңында жемісін бере бастады. Күн көзінен қуат алатын электр станциясы сағатына 50 мВт-ға дейін жарық беруге әлеуетті. Станцияның іске қосылу сәтіне аймақ басшысы аталған жобаның тиімділігіне тоқталды.

— Электр станциясының іске қосылуы еліміздегі жаңартылған энергия көздерінің үлесін арттыру, «жасыл» экономикаға көшу бағытында жасалған зор қадам деп білу керек. Ендеше, болашақта аймақ тұрғындары баламалы энергия көздерін тұтыну деңгейін одан әрі дамы-

та беретініне сенімдімін, — деді облыс әкімі.

Күн электр станциясы — экологиялық тұрғыда таза, дыбыссыз, қауіпсіз әрі пайдалануға ыңғайлы және өз құнын толық ақтайтын тиімді қондырғы. Ал артықшылығы — алына-тын энергия көзінің қалыпқа келе алатынына және белгілі бір шектеулі ресурсқа тәуелді емес. «Baikong Solar» ЖШС бас директоры Артур Галамов алда айқын мақсат бар екенін жеткізді.

— Бұл электр станциясының іске қосылуы тарифке айтарлықтай әсер етпеуі мүмкін. Өйткені, өңірде электр энергиясының тапшылығын жоюда. Ал жоба аясында 23 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Бір айта кетерлігі, мұндағы жабдықтардың көпшілігі отандық өндірістен алынған, — деді ол бізбен әңгімелескенде.

Суреттерді түсірген Б.ЕСЖАНОВ.



## МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕГЕРІ

# Еңбек еткеннің еңсесі биік

Елімізде туған жердің түлеуіне өз үлесін қосып, ауылының ажарын келтіріп жүрген кәсіпкерлердің қатары көп. Солардың бірі Жалағаш ауданы Еңбек ауылының тұмасы, «Еңбек жер» ЖШС директоры Шакизатхан Ысқаков.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Кәсіпкер ауылда жомарттығымен танылған. Оның елдің берекесін кіргізіп, халықтың бірлігін сақтап, ел еңсесін тіктеу жолындағы еңбегін жерлестері мақтанышпен айтып жүр. Оған себеп те жоқ емес. Биыл Сыр салысын жинауда ауыл шаруашылығы саласы бойынша Жалағаш ауданы облыста көш бастаған болатын. Ауданның жеңіс тұғырынан көрінуінде осы «Еңбек-Жер» ЖШС-ның қолданбасы бар. Шаруашылық 1560 гектар алқапқа Сыр салысын егіп, күзде күріштен тау тұрғызды. Ауыл тұрғындары айтарлықтай рекордтық өнімге қол жеткізді. Гектарынан 78-80 центнерден астық алғандар бар. Егілген күріштен алынған орташа өнім 63 центнерді құрап отыр. Мұнан бөлек, мал азығы есебінде 186 гектар жаңа жоншықа егіліп, 891 гектар ескі жоншықа күтімге алынған. Ең бастысы, осындай тірліктің басы-қасында жүргендердің еңбегін шаруашылық еш ескеруіс қалдырған емес.

Соңғы уақытта қызметкерлеріне төрағалардың үй са-

лып беруі, су жаңа автокөлік сыйлауы, ауылға қарасуы жиі айтылып жүр. Бұл үрдісті Шакизатхан Ысқаков дәстүрге айналдырған. Былтыр серіктестіктің етін жинау қорытындысы бойынша бір жұмысшысына тұрғын үй салып беріп, шаруашылық үздіктеріне қомақты сыйақы мен 3 автокөлік тарту етсе, биылғы «Алтын күзде» сыйақыға 72 млн теңге қаржы бөлі. Ауыл еңбеккерлеріне 5 су жаңа автокөлік, 4 жаңа баспананың кілті табысталды. Мұнан бөлек 1,5-5,5 млн теңге аралығындағы сыйақы оннан астам дикан мен сушыға берілді.

— Қазір ауылда қандай да бір жобаны жүзеге асырамыз десек, оған «Еңбек-Жер» ЖШС демеуші болады. Шаруашылық төрағасы Шакизатхан Ысқаковқа ауылдастар атынан алғыс айтамын. Елді мекеннің көркейіп-көгалдануына, тұрғындар әлеуетінің артуына қосқан үлесі зор. Жастар осындай тұлғаларға қарап бой түзейтініне ешкімнің таласы жоқ, — дейді ауыл әкімі



Қайрулла Қалданов.

Кәсіпкердің жанашырлығының тағы бір көрінісі — өз қаржысына ауыл орталығына 200 орындық мейрамхана мен шағын маркет салып, 9 тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Мұнан бөлек, имандылық үйінің күрделі жөндеу жұмыстарына биыл 25 млн теңге қаржы бөліпті. Мұның барлығы — еліміз болсын деген іскер азаматтың берекелі ісінің жемісі.

Шакизатхан Ысқаков тек істің ғана адамы емес, бір жағынан өнер мен білімнің де жанашыры. Өткен жылғы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында екі зейнеткерге

«Сарыағаш» емдеу-сауықтыру орталығына ем алуға жолдама және 17 оқушыға оқу құралдары, мектеп формасын және спорттық киімдерін алып берген. Оған қоса оқу жылының үздік аяқтаған бастауыш сыныптың 30 оқушысына велосипед сыйға тартқан. Биыл тағы да сол үрдіс қайталанып, кәсіпкер мектептің 1-2 сынып үздік оқушыларына 25 велосипед пен 3-4 сыныптың үздік оқушыларына 21 планшет тарту етті. Сонымен қатар, 6 оқушыға Жаңақорған ауданындағы «Талау» сауықтыру лагеріне жолдама берілді.

Іскер азаматтың жомарттығы мұнымен толастамақ емес. Ауыл өрендері үлкен саймаларға қатыса, солардың жол шығыны мен қажетті дүниесіне де қыруар қаржы бөледі өз мойнына алған. Сондай-ақ, Еңбектегі «Бағыр аналар» ансамбліне де ел ағасы қаржылай қолдау көрсетіп келеді. Сабантой мерекесінде ауыл балабақшасына 150 мың теңге сыйақы беріп, елді бір қуантты. Бұл кәсіпкердің жастарға, өскелең ұрпақтың болашағына бей жай қарамайтындығын білдірсе керек. Ал, ауыл халқының сөзінше, мұның бәрі жыл сайын қайталанып отыратын дәстүрлі шара екен.

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі үшін біркатар ел азаматы мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарынан Шакизатхан Ысқаков та көрініп, «Құрмет» орденінің иегері атанды. Бұл — кәсіпкердің осындай еселі еңбегінің нәтижесі. «Нарық заманы орнады, адамдардың адамгершілік қасиеті төмендеді, жаскылық жасаудан қалып барамыз» деген уақытта кәсіпкердің ауылды жұмыспен қамтып, халықтың тұрмысын көтеруге күш салуы адамның көңілін бір марқайтады. Осындай ел ағалары барда елдің іргесі берік, берекесі бекем болары сөзсіз.



## «ҮЛГІЛІ АУЫЛ»

Жыл соңына таяу облыстағы ең үздік ауылдар анықталды. «Гүлдесе ауыл — гүлденеміз бәріміз» деген еді бір ғасыр бұрын Бейімбет Майлин. Расымен, шаруасынан шашау шықпай, жаңа заман көшіне ілескен ауыл құтты мекен ғана емес, бүгін бір елдің асыраушысы. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқаковтың қатысуымен өткен «Үлгілі ауыл» байқауында топ жарған елді мекендерде ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс атқарылған. Айта кетейік, тіректі елді мекендер бойынша І орынды Қармақшы ауданындағы ІІІ Интернационал ауылы иеленді. Ал, елді мекендер бойынша Жалағаш ауданындағы Таң көш бастап тұр.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

# Атақоныс ажарланып келеді

Ауыл дегенде, бірінші еске түсетін мәселе ауызсу катыса, солардың жол шығыны мен қажетті дүниесіне де қыруар қаржы бөледі өз мойнына алған. Сондай-ақ, Еңбектегі «Бағыр аналар» ансамбліне де ел ағасы қаржылай қолдау көрсетіп келеді. Сабантой мерекесінде ауыл балабақшасына 150 мың теңге сыйақы беріп, елді бір қуантты. Бұл кәсіпкердің жастарға, өскелең ұрпақтың болашағына бей жай қарамайтындығын білдірсе керек. Ал, ауыл халқының сөзінше, мұның бәрі жыл сайын қайталанып отыратын дәстүрлі шара екен.

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі үшін біркатар ел азаматы мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарынан Шакизатхан Ысқаков та көрініп, «Құрмет» орденінің иегері атанды. Бұл — кәсіпкердің осындай еселі еңбегінің нәтижесі. «Нарық заманы орнады, адамдардың адамгершілік қасиеті төмендеді, жаскылық жасаудан қалып барамыз» деген уақытта кәсіпкердің ауылды жұмыспен қамтып, халықтың тұрмысын көтеруге күш салуы адамның көңілін бір марқайтады. Осындай ел ағалары барда елдің іргесі берік, берекесі бекем болары сөзсіз.

бұл жай да ескерілген. Мұнда «Таң ЛТД» мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 100 орындық спорт кешені ашылып, балалар қалауына қарай таэквандо, дзюдо секцияларына қатыса алады. Сондай-ақ, ауылда «Агролидер Таң» ЖШС ет өнімдерін қайта өңдеу цехын ашқан. Цех тәулігіне 800 кг, жылына 120 мың тонна ет өнімін өндірді. Соңғы уақытта кәсіпкерлер қатары да артып, өткен жылы да, биыл да 29 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Ауыл әкімі Әліби Қодарұлы Таңдағы көркейту-көгалдану жұмыстары да қарқынды екенін баса айтты. Биыл ауылда 4000-ға жуық көшет отырғызылған.

Ал, тіректі елді мекендер бойынша топ жарған ІІІ Интернационалдағы абадтандыру жұмыстары ауылдың ажарын ашып, сәнін кіргізген.

қожалығы жарықтандырып. — Келер жылы «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында 3-4 көшені асфальттауды жоспарлап отырмыз. «Достық жер» ЖШС-мен бірлесіп орталық алаң маңынан қызмет көрсету орталығын салмақпыз. Оның ішінде әлеуметтік дүкен, шапшараз, тіс емханасы, монша сынды нысандар орналасатын болады. Бүгінде алаң маңындағы 1 гектар жерді тегістеп, дайындап қойдық, — деді ауыл әкімі Әсет Тұрмаханұлы.

Айта кету керек, елді мекен маңынан өтетін «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» дәлізінің бойында орналасқан «Ақсарай» кешенінде 25 адам жұмыс істейді. Ауыл тұмасы Али Рагимов басқаратын бұл кешендегі қызметкерлердің барлығы дерлік ауыл тұрғындары.

Қызылорда облысы соңғы жылдары кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығын жариялағаны белгілі. Бұл орайда, кәсіп бастасам деген бастамасы бағыл жандардың қатары қалып. Айталық, Луиза Турсунова мемлекеттік бағдарлама аясында 3 млн теңге несие алып, наубайхана ашқан.

Ал, ауызсу мәселесі екі-үш жыл бұрын шешімін тауыпты. 1928 жылы іргесі қаланып, бір қолдың саласындай бірігіп, тату-тәтті өмір кешетін, сан түрлі ұлттың басын қосқан ауыл республикаға танымал болатын. Екі жарым мыңға жуық халқы бар, 11 ұлт өкілі қоныс тепкен ауылдың қазір де тірлігі тұзу, бірлігі бекем.





# Көшпелі қызмет көпшілікке керек

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗК) әрбір салымшысы енді өзінің бүгінге дейін жинаған зейнетақысының мөлшерін өзі есептей алады. Егер есептеген сома салымшының көңілінен шықпаса, БЖЗК Қызылорда филиалының көшпелі қызмет көрсету бөлімі салымшының тұрғылықты жерінде өз зейнетақы қорын қалай жақсартуға болатынын түсіндіріп береді. Сондай-ақ, бұл бөлімнің қызметкерлері барлық сұрақтарға жауап беріп, БЖЗК-ның мобилдік қосымшасын қалай қолдануға болатынын да үйретеді. Сондықтан салымшы өзінің жеке шотындағы ақшасын өзі бақылай алады.

БЖЗК Қызылорда филиалының директоры Арнұр Құрманғалидың айтуынша, облыстық филиалдың көшпелі қызмет көрсету бөлімінің «Мобилдік кеңсе» жобасы желтоқсан айынан жұмыс істей бастады. Бұл жоба «Мобилдік агент» жобасына қосымша ретінде қолға алынды. Мысалы «Мобилдік агент» бойынша қор қызметкерлері қандай да бір себептермен, қол жағдайда бөлімшелерге денсаулығына байланысты келе алмайтын азаматтарға өздері барып қызмет көрсетеді. «Мобилдік кеңсенің» жұмыс істеуіне барлық жағдайлар жасалған. Құжаттарды сканерлеу және көшірмелерін шығару, т.б қызмет көрсету үшін ноутбуктер, USB-модем және қолайлы көпсалып құрылғылармен жабдықталған, яғни, барлық қажетті техникалармен және жерсеріктік байланыспен жабдықталған. Алыс жерге бара алады. Оның жұмыс бөлігі операторларға арналған автоматтандырылған екі орынмен және кезек күтушілер үшін үш кісілік орынмен жаратандырылған.

«Мобилдік кеңсенің» жолға шығуы арнайы кесте бойынша жүзеге асырылады және БЖЗК оның қандай да бір елді мекенге бару уақыты туралы салымшылар мен алушыларға алдын ала хабарлап отырады. Алғаш рет «Мобилдік кеңсе» Қарауылтөбе ауылдық округіне барып қызмет көрсетті, – деді Арнұр Дәденұлы.

Қор жұмысын көру үшін біздің тілшіміз де кезекті сапарға бірге шықты. Бұл жолы «Қараөзек» ауылдық округіне жол түсті. Жолшыбай бөлімнің бас маманы Жанар Жәрімбетова тұрғындарының саны аз әрі шағында орналасқан кішігірім ауылдар, теміржол стансалары, елді мекендерден басқа облыстың шағын және ірі қасиеттеріне да бара-тындарын айтты.

Кәсіпорындардағы жұмыскерлерді жиі мазалайтын сұрақтардың бірі – зейнетке шыққандағы ай сайынғы төленетін төлемдері әйелдердің зейнетке шығу жасының өсуі, – деді ол. – Соңғы кезде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар да зейнетақы төлеу мәселелерінде, еңбек өтілі бойынша зейнетақы жарналарының уақытында аударылуына көңіл бөледі. Адамдар қарттық зейнетақының мөлшері туралы ойлана бастады. Сондықтан қала базарларында біздің ақпараттарымыз бен қызметіміз сұранысқа ие болуда.

Ресми тіркелмеген халықты жария ету мақсатында БЖЗК облыстық филиалының көшпелі қызмет көрсету бөлімі қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің, Қызылорда қаласы бойынша кірістер басқармасының мамандарымен бірлесіп сауда орындарында жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің арасындағы еңбек келісім-шарты туралы, зейнетақы қоры және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы кезек-кезеңімен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Қала базарларында 100-ге жуық кездесу өтті. Ресми жұмысы бойынша тіркелмеген халықтың ең басты мәселесі – олардың қоғамдағы мәртебесі мен болашақтағы зейнетақысы.

Қызылорда қаласының базарларындағы халықтың дені – егде жастағы әйелдер мен жастар. Алғашқылары зейнетақы мөлшері туралы ойланса, жастар ойланғысы келмейді. Көшпелі қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлерінің міндеті – ерікті түрде жарна төлеудің қиын болғанымен, оның керек екеніне көз жеткізу. Алайда, мамандар қарапайым есептеу арқылы түсіндіріп, бұл жұмысты да атқарып келеді.

– Егер сіз 1998 жылға дейін жұмыс істеп, 6 ай болса да еңбек

өтіліңіз болса, сіздің зейнетақыңыз ынтымақтық, базалық және жинақтау бөлігінен құралады – деп түсіндірді Жанар Қазбекқызы. – Ал 1998 жылға дейін жұмыс істемесеңіз, зейнетақыңыз тек базалық және жинақтау бөлігінен құралады. Сондықтан қазір жинақтау бөлігіне көңіл бөлу керек.

Тұрғындар БЖЗК қызметкерлерінен болашақта алатын зейнетақысының мөлшерін есептеп беруді сұрайды. Зейнетақы қорларына мүлдем жарна аудармаған немесе тұрақты түрде аудармаған жандардың зейнетақысы ең төменгі мөлшерде болады. Өкінішке орай, кейбір азаматтар зейнетке шығуға екі-үш жыл уақыт қана қалғанда ойланады да, аударған жарна жеткіліксіз болады. Сондықтан жеке зейнетақы шотына уақытылы жарна аударудың маңыздылығы туралы айту керек.

БЖЗК қызметкерлері Қараөзек тұрғындарына БЖЗК-ның мобилді қосымшасын қалай жүктеп алуға болатынын көрсетті. Сол арқылы зейнетақы қорындағы жинақтарын зейнетақы калькуляторы арқылы есептеп, болашақтағы зейнетақысының мөлшерін білуге, оны бақылап отыруға болатынын түсіндірді. Сондай-ақ біраз сұрақтарға да, атап айтқанда, ЭСК (электронды сандық қолтанба) арқылы құжаттардың көшірмелерін алуға, келісім-шарт жасауға, жеке мәліметтерді өзгертуге қатысты, т.б сұрақтарға жауап берді.

Қазіргі уақытта ЭСК арқылы электронды форматта онлайн рәсімдер де қызмет көрсетіледі. Салымшылардың көпшілігі қызметтің бұл түрін пайдаланады. Қызметтің осы түрі уақыт үнемдейтіндіктен белсенді түрде пайдаланылып келеді. Қордың міндеті – заманауи технологиялардың барлық артықшылығын қолдануға үйрету.

– Көшпелі қызмет көрсету бөлімінің мамандары қажет болғанда үйге барып та қызмет көрсетеді. Салымшылардан тек алғыс алып келеміз. Бұл – салымшылардың көпшілігі I және II топ мүгедектері. Зейнетақы қорында жинақтары бар екенін және оларды уақытынан бұрын алуға болатынын білмейді.

– Жалғызбасты қарияны іздеп таптық. Оның есепшотында 600 мың теңгедей ақшасы болған. Ал қарияның өзі бұл туралы мүлдем хабарсыз. Біздің мамандарға алғашқыда күдікпен қараған. Ақшасын бергенді тұрғанымызды естігенде қатты қуанып, алғысын білдірді. Бұл біздің тәжірибеміздегі бір ғана жағдай емес, – деді бас маман.

Көшпелі қызмет көрсетудің басты міндеті – БЖЗК АҚ салымшылары өз зейнетақысын жоспарлауға, өз бетінше қордың сайты арқылы электронды қызмет алуға үйрету, зейнетақы заңнамасындағы барлық өзгерістермен таныстыру. Қазақстандықтар өз жинақтарын бақыламайды, бұл дұрыс емес. ҚР заңнамасы бойынша салымшылар мекен-жайы өзгергенде жеке куәлігі жоғалса немесе қайта алғанда 10 күннің ішінде зейнетақы қорына хабарлап, базадағы мәліметтерді өзгертуі керек. Бұл туралы көпшілік біле бермейді.

БЖЗК өзінің түсіндіру жұмыстары барысында қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға арналған саясатты ұстанады. Қор 6 жыл ішінде өзінің пилоттық режимінде тұрақтылығын дәлелдеп, көптеген жобаларды сәтті іске асырды. БЖЗК өзінің салымшыларын қамқорлығына алды. Салымшылар құрметті демалысқа шыққанда өздерін қамтамасыз ететін зейнетақы жинақтарына нақты көңіл бөлсе деген тілегіміз бар.

Р.АРЫСТАНБАЙ.



## БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Қызылорда қаласының Титов шағын ауданындағы индустриялық аймақта қызу жұмыс жүріп жатқанына біраз болды. 270-тей адам қазір шыны зауытының құрылысын аяқтау үшін аянбай еңбек етуде. Ол іске қосылған соң 230 тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

Назерке САНИЯЗОВА.

## Құрылыс алаңында жұмыс қызу

Зауыт еліміздегі ең ірі индустриялық жобалардың бірі саналады. Әлемде заманауи технологиялармен жабдықталған мұндай кәсіпорын әзірге Жапония мен Қытайда ғана бар. Бүгінде 50 гектар аумақты алып жатқан құрылыс алаңында 12 қосалқы мердігер жұмыс істеп жатыр, оның 2-еуі – қытайлық Жоба бастамашысы – «Orda Glass LTD» серіктестігінің жоба директоры Талғат Ауғановтың айтуынша, шыны зауыты төрт кешенді қамтиды. Олар – дайын өнім қоймасы, ішкі теміржол, негізгі цехтар және ішкі инженерлік желілер.

– Қазір мамандар шыныны суытып катаяту желілерін монтаждап жатыр. Ал пештің жұмысына қантар айынан бастап кіріседі. Мамырда зауытты суық күйінде іске қосып, көп ұзамай алғашқы өнім ала бастаймыз, – дейді Т.Ауғанов. Индустриялық аймақта инфрақұрылым жөнінен мәселе жоқ. Газ, су, электр желілері келіп тұр. Теміржол тұйығы жүргізілуде. Құрал-жабдықтар Еуропа елдерінен тасымалдануда. Қажетті шикізаттың 97 проценті – өзімізден.

Шыны зауытын салуға аталған өндірісте алпыс жылға жуық тарихы, мол тәжірибесі бар қытайлық «China Triumph International Engineering Co., Ltd» компаниясы тартылған. – Біз әлемнің көптеген мемлекетінде осы секілді өндіріс орындарының құрылысына атсалыстық. Қызылордадағы зауыттың төрт кешенінде де жұмыс шарықтау шегіне жетіп отыр. Бас мердігер ретінде бастаманың уақытылы аяқталатынына сендіргім келеді, – дейді компанияның жоба директоры Шан Сю.

Белгіленген меже – алдағы шілде айы. Жалпы құны 42,1 млрд теңгені құрайтын зауыт іске қосылған жағдайда жыл сайын 197 мың тоннадан астам табақша шыны шығармақ. Ал кадр мәселесі оларды шетелдік мамандардың оқытуы есебінен кезек-кезеңімен шешіледі.

## Жүргізуші жауапкершілігі

Соңғы кездері жол-көлік оқиғасы өршіп кетті. Аймақта бұл мәселеге алаңдаушылық көп. Осыған байланысты облыс бойынша көліктік бақылау инспекциясының ұйымдастыруымен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізі бойында пресс-тур өтті. Шараға көлік прокуроры, облыстық полиция департаментінің өкілдері қатысты.

Дәулет ҚЫРДАН.

Жеңісбек Оңғаров 16 жылдан бері жолаушы тасымалымен айналысады. Жауапкершіліктің қаншалықты ауыр екенін түсінген ол өзі секілді жүргізушілердің жол ережесін сақтауын сұрайды. Әйтпесе, ерсілі-қарсылы көлік жүйіткіген күре жолда түрлі жағдайлар кездесіп тұрады.

– Бір ғана адамның емес, тұтас автобустағы жолаушылардың өміріне жауаптысың. Сондықтан Абай атамның «ақырын жүріп, анық бас» дегенін қаперге алған жөн. Бүгінгі шара аясындағы түсіндірме жұмыстарының пайдасы зор. Қуәрсіздік бағытындағы шаралар жалғасын таба берсе екен, – дейді ол.

Жол полициясының инспекторлары автокөлікті тоқтатып,

құзырлы органдар өкілдері құдан бері жолаушы тасымалымен айналысады. Жауапкершіліктің қаншалықты ауыр екенін түсінген ол өзі секілді жүргізушілердің жол ережесін сақтауын сұрайды. Әйтпесе, ерсілі-қарсылы көлік жүйіткіген күре жолда түрлі жағдайлар кездесіп тұрады.

– Бір ғана адамның емес, тұтас автобустағы жолаушылардың өміріне жауаптысың. Сондықтан Абай атамның «ақырын жүріп, анық бас» дегенін қаперге алған жөн. Бүгінгі шара аясындағы түсіндірме жұмыстарының пайдасы зор. Қуәрсіздік бағытындағы шаралар жалғасын таба берсе екен, – дейді ол.

Жол полициясының инспекторлары автокөлікті тоқтатып,

## Көңілқос

(Жақсылық Рахматулланың рухына)



Сүңгіңді қалай саласың, Селдетіп төктің наласың. Әнебір жылы... әй, тағдыр, Әкеттің газиз баласың.

Баяулап бойда қан ысып, Қабарғаға өкпе қабысып. Кешіріп жалған кесірің, Кеселмен жатты алысып.

Уа, тағдыр, аз ба осының, Жамандығыңнан шошымды. Жақсылық кетті ғайыпқа, Мен – көптің көңілікосымын.

Ұмытпас оны дала бар, Ұлықтар оны сана бар. Сарқытын Саабұлт әуленің, Панаңа ал, Аллам, панаңа ал.

Сақтайтын оны ақыл бар, Жоктайтын оны жақын бар. Жұмақтан сарай салдырсаң, Жаратқан Ием, хақың бар.

Көңіліңде кетті құбыла, Көзінде кетті шұғыла. Аты мен запы астақсан, Рахым ет, Рабым, құлына.

Қол жайдым арыш көкке ұдай, Запыран зарым жетті қай? Дүниеден асыл жан өтті, Дұғамды қабыл ет, Құдай!

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

\*\*\*

Жақсылық Шайманұлы Рахматулланың 40 күндік асы Нұр-Сұлтан қаласында Хазірет Сұлтан мешітінде 21 желтоқсанда сағат 17.00-де өтеді.

## Демікпе ұстамасы кезіндегі алғашқы көмек

Бронх демікпесі – тыныс жолдарының созылмалы ауруы. Тұншығу ұстамалары – бронх демікпесіне тән жөтел, кеуделегі бітелу сезімі, ысқырмалы шалғайлық сырылдар, көп жағдайда түнгі немесе таңертеңгі уақыттарда пайда болады және жартылай немесе толық қайтымды (аяқ астынан немесе ем салдырынан) бронхалдық обструкциямен бірге жүреді.

Егер сіз осындай демікпенің куәгері болсаңыз, оған алғашқы көмек көрсетуге бар күшіңізді салуыңыз қажет. Алдымен науқасты орындыққа отырғызыңыз немесе басын көтеріп, арқасына жастық қойып төсекке отырғызыңыз. Терезені ашыңыз. Науқасты таза ауамен тыныс алуына жағдай жасаңыз. Науқас адамның әсіресе, баланың жанында қобалжығаныңызды көрсетпеуге тырысыңыз. Мойын тұсының ашық болғанын, егер мойын орағыш немесе киім түймесі тығыз тұрса ағытып, терең тыныс алуын қадағалау керек. Мектепте қоғамдық орындарда мейірбикені шақырған дұрыс.

Мейірбике науқастан қандай дәрілерді қолданғанын және себептерін анықтауы тиіс. Дем алу бұлшық еттері жұмыс жасау үшін қолдың шынтақтан арлы-берлі қозғалысын жасаған абзал. Науқас үрейленуге жақын тұрса, оны сабыр сақтауға шақырып, біркелкі демалуға кеңес берген жөн.

Жеңіл ұстама кезінде науқастың қолы мен аяғына ыстық судан ванна әзірлеп беруге болады. Егер оған мүмкіндік болмаса, жедел жардем келемін дегенше қолын, саусақтарын қатты ысқылаңыз. Науқастың қалтасы не сомкесінен ингаляторды тауып, оны пайдалануына көмек көрсетіңіз. Ол үшін аэрозоль қалпақшасын шешіп, бірнеше рет шайқап, науқастың аузына дем алу барысында 1-2 рет шашыңыз. Ингалятор ағыны жоғарыдан төменге қарай бағытталуы үшін, құралды түбінен жоғарыға қаратып ұстау қажет. Бұл сеппені тыныс алу жолдарына тиімді түсірудің жолы болып табылады. Дәрі бірден әсер етпейтіндіктен естен шығармаған жөн. Ол бірнеше минуттардан, кейбір кезде жарты сағаттан соң әсер ете бастайды. Алғашқы қолданғаннан кейін 20 минуттан кем емес уақыт аралығында аэрозольді қайта себуге болмайды, ол жүрек-қан тамырлары жүйесіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Қандай сырақ түрі болмасын әрбір адамның алғашқы медициналық көмек көрсетуден хабардар болуы артық етпейді.

Мария ТӨЖІБЕКОВА, «Умай» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйінің аға медбикесі.

## КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫНА ЖӘРДЕМАҚЫ

(бұрын көпбалалы отбасы ретінде АМЖ алушылар, 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған)

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап құрамында бірге тұратын кемелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кемелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (көп балалы отбасы үшін жәрдемақы) алуға құқылы.

## ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ:

42 496 4 балаға теңге (16,03 АЕК);

53 127 5 балаға теңге (20,04 АЕК);

63 757 6 балаға теңге (24,05 АЕК);

74 388 7 және одан жоғары теңге (24,08 АЕК).

## ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

» жеке басын куәландыратын құжат;

» баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме;

» балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленген немесе бала асырап алынған жағдайда – балаға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленген немесе бала асырап алуды растайтын құжат;

» көрсетілетін қызметті алушының деректері баланың туу туралы куәлігіндегі деректермен сәйкес келмеген жағдайда – неке құю (бұзу) туралы куәлік;

» өтінішті және қажетті құжаттарды үшінші тұлғалар берген жағдайда – сенімхат;

» банктік шот нөмірі (ұсыну үшін).

Бірлесіп тұру фактісі «Жеке тұлғалардың мемлекеттік базасы» ақпараттық жүйесінде автоматты түрде расталатын болады.

Өтінішті және өзге де құжаттарды қабылдау

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МК» КЕАҚ (ХҚО)

арқылы жүзеге асырылады.

## КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫҒА ЖӘРДЕМАҚЫ

## ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕТІН БОЛАДЫ?

2018 жылғы 1 қаңтарға дейін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы (автоматты түрде) тағайындалған, құрамында 4 және одан да көп бірге тұратын кемелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға жәрдемақы тағайындауға өтініш жасау және растайтын құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Өтініш беруші мен оның балаларының тұрақты мекен-жайы бір жерде екендігі ақпараттық жүйеде расталса – тағайындау өтініш берушінің қатысуынсыз автоматты түрде жүргізіледі.

Егер бұл отбасында 2018 жылғы 1 қаңтардан кейін 5 және одан да көп бала болған жағдайда жәрдемақы мөлшерін ұлғайту үшін қажетті құжаттарды ұсыну қажет.

Егер өтініш беруші мен оның балаларының бір адрес бойынша тұру фактісі анықталмаған жағдайда жаңа жәрдемақыны тағайындау үшін тіркеуді сәйкестендіру қажет.



Жосалы кентінде «Күрес залы» ашылды. Тәуелсіздік мерекесіне орай жеке кәсіпкер Ұрзада Бекмұраева тарту еткен ғимаратта палуандар жаттығатын болады. Шараға Қармақшы ауданының әкімі Мұса Қалдарбеков қатысты.

## Қармақшыда «Күрес залы» ашылды



– Бұл – балалардың болашағы үшін қабылданған шешім. Олардың арасынан еліміздің көк туын шет мемлекеттерде желбірететін чемпионды шығатынына сенімдімін. Соған себепші болып, осы зал арқылы кішкентай болса да өз үлесімді қосуға бекіндім. – Бүгін ғимараттың ашылуын

арнайы жасап, ел ағаларының батасын алдық, – дейді кәсіпкер Ұрзада Үсенқызы. «Күрес залы» керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Онда шәкірттер дайындалатын негізгі залдан бөлек, жаттықтырушылар мен спортшылардың киім ауыстыратын бөлмелеріне дейін қарастырылған. Жылумен, ауыз сумен толық қамтылған. Айта кетейік, жеке кәсіпкер Ұрзада Бекмұраева «Қармақшы тұтыну кооперативі» ЖШС-на 30 жылдан бері басшылық жасап келеді.

**Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ,**  
журналист.

## Көздің жауын алған кәдесыйлар

Бүгінгі күннің басты талабы – кәсіпкерлік. Біле білген адамға бұл да шығармашылықты қажет ететін жұмыс. Себебі, ойыңды, жоспарыңды жиі-жиі жанартып, жаңашылдыққа талпынбасаң, бастаған ісіңнің баянды болуы неғайбыл. Отбасылық кәсіпін өркендетіп, игілікті істің иінін тапқан қала тұрғыны Назира Қолаеваның қолөнер бұйымдары көпшіліктің сұранысына ие болып отыр. Ұлттық нақышта бедерленген кәдесыйлар – көздің жауын алардай көркем туындылар.

**Ғазиза ӘБІЛДА.**

Қолөнерші келіншек Назира – үш қыздың анасы. Оның өзін-өзі жұмыспен қамтып, қолөнермен айналысып жүргеніне 3-4 жылдың көлемі болды. Алғашқыда жәй ермек етіп жасап көрген, бүгінде сүйікті кәсібіне айналды. Уақыт өте келе



облыс әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған қолөнершілер жәрмеңкелеріне қатысып, өнімдерін сатылымға шығарған болатын. Жаңа туындылары бірден жұрттың назарын аударды. Осылайша аймақ көлемінде өткізілген көрмелер мен жәрмеңкелерге тұрақты түрде қатысып, жемісті еңбегі үшін бірнеше марапатты да иеленді.

– Өткен жылдың көктемін-

де қалада қолөнершілер мен суретшілерге арнап "Өнер арбағы" ашылған болатын. Содан бастап көктем, жаз мезгілдерінде өз өнімдерімізді сатылымға шығарып, халыққа ұсынып келеміз. Бұйымдарымыз кішкентай сәбилерден бастап, үлкен кісілердің де қызығушылығын тудырып жатқанына қуанамын. Әсіресе, сәбилер мен бұдырындардың түс таңуы мен ой-өрісін дамытуға өте пайдалы. Онымен қоса әр үйдің сәні болып, көрік беріп тұрады. Мен өз кәсібімді ұнатамын, – дейді Назира Қолаева.

Отбасында, бала күтімінде отырып осындай ілкі өнерді дамытуға үлесін қосып жүрген Назираның еңбегі бағалауға әбден лайық. Жолдасы Бекжан да келіншектің бастамасына әрдайым қолдау көрсетіп отырады. Қолөнерші келіншек болашақта жеке шеберханасын ашып, кәсібін одан әрі дамытуды ойға алған. Бұл орайда өзі секілді отбасындағы аналарды қолөнер жұмысына тартып, уақыттарының тиімді әрі пайдалы өткізуіне қолының берсемен дейді.

**Құттықтаймыз!**

**Қызылорда қаласының тұрғыны Рысқұл Қасымқызы Нұрымбетоваға**

Құрметті Рысқұл Қасымқызы! Сізді адам ғұмырының айтулы белегі 70 жасқа толған мерейлі мерекеніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Бұл бікке айналған абыройлы аламы қалыптан танылып, әулетіңізге аяулы ана, әзіз әже атанып, әр отансының арманындағы көркем келбетпен жеткеніңіз анық. Біз сіздің сол бір салмақты бейнеңізді жақсы көреміз, үлгі тұтамыз. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырдыңыз. Төрт перзенттен немере, шөбере сүйіп, бақытты отбасының баянды өміріне алтын дінгек болып отырсыз.

Институтта бірге оқыған дос-жарандардың отбасынан құрылған «Сыр сандық» клубының аққалшысы, жобаластырып болып жүргеніңіз де бір мектеп еңегісі. Отыз жылдан бері қатар жүрген бірнеше ерлі-зайыптыларыңның бірігіп мен тірлігіңе куә болып келе жатқан клуб мүшелері сізді ерекше сыйлаушы және қуанышыңызға ортақтаса отырып, мына өлең жолдарын тарту етеді.

Құтты болсын, жетпіс деген шағыңыз,  
Азаматтан шаттығыңыз, бағыңыз,  
Жүзімізден шуақ таймай тойлайық,  
Жүзге келген шағыңызды тағы біз.

Ізгіліктен ажырамай іргеніз,  
Шөберемен, шөпшекпенен гүлденіз,  
Ерен елік келе жатқан кешенде,  
Ергенге жетейікі бірге біз.

Бойымыздан рухты күш бұрқал кен,  
Өзі ғайтамыз кеземізбен шырқал тең,  
Күнде асыз таусылмайтын несібем,  
Мың жасыңыз ұлағатты ұрпақпен!

Қуанышыңыз қуанышқа ұлассын, келер күндер құшақ жайып, сыр ашсын.

**Ізгі тілекпен,  
«Сыр сандық» клубының мүшелері.**

### Хабарламалар

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-23-02) «Қарабұлақ кенішінде №45, 57, 66 ұңғымаларын электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-22-03) «Бұхарай кенішінде №1НВ, 11, 21, 22 ұңғымаларына кірме автожолдар» жұмыс жо-

басы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология ко-

дексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-22-01) «Бұхарай кенішінде мұнай жинау жүйесі. №1НВ, 11, 21, 22 ұңғымаларынан шығу желілері» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.**

### Хабарландырулар

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы облыс тұрғындары үшін АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНАДЫ. Кәсіпкерлерді ақпараттық қамту қызметі бастаушы және әрекет етуші кәсіпкерлерге, сонымен қатар кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындарға облыстың барлық аудандарында орналасқан Кәсіпкерлерді қолдау орталықтарында көрсетіледі.

**ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ НЕГІЗДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.**

Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайы:

**Арал ауданы – Арал қ.к.,** Бақтыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;

**Қазалы ауданы – Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;**

**Қазалы ауданы – Қазалы қаласы – Жалантөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;**

**Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербәев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;**

**Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199;**

**Сырдария ауданы – Теренөзек кенті, Қонаев к-сі, №12 А үй, тел.: 8/72436/79179;**

**Шиеді ауданы – Шиеді кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/79255;**

**Жанакорған ауданы – Жанакорған кенті,**

А.Иманов к-сі, №171 үй, тел.: 8/72435/79120;

**Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.**

**Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02. Call-Center - 1432**

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы «Кәсіпкерлер үшін сервистік қолдау» компонентінің жүзеге асырылып жатқандығын хабарлайды.

**www.services.atameken.kz** порталы арқылы қызметтер онлайн негізде көрсетіледі.

**Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында төмендегі қызметтерді офлайн түрде алуға болады:**

1. Бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. Кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;
3. Заң қызметтері;
4. Маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер.

**ҚЫЗМЕТТЕР ТЕГІН НЕГІЗДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.**

Толығырақ мәліметті Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 12 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығынан алуға болады.

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының аудандарда орналасқан филиалдары жанындағы Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарында қызмет түрлері кәсіпкерлердің өтініштеріне сәйкес ұсынылады.

**Кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының мекен-жайы:**

**Арал ауданы – Арал қ.к.,** Бақтыбай батыр к-сі, №46 үй, тел.: 8/72433/79199;

**Қазалы ауданы – Әйтеке би кенті – Әйтеке би к-сі, №9 үй, тел.: 8/72438/79243;**

**Қазалы ауданы – Қазалы қаласы – Жалантөс баһадүр к-сі, №23 үй, тел.: 8/72433/79199;**

**Қармақшы ауданы – Жосалы кенті, Көшербәев к-сі, №36 үй, тел.: 8/72437/79120;**

**Жалағаш ауданы – Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі, №47 үй, тел.: 8/72431/79199;**

**Сырдария ауданы – Теренөзек кенті, Қонаев к-сі, №12 А үй, тел.: 8/72436/79179;**

**Шиеді ауданы – Шиеді кенті, Рысқұлов к-сі, №5 үй, тел.: 8/72432/79255;**

**Жанакорған ауданы – Жанакорған кенті, А.Иманов к-сі, №171 үй, тел.: 8/72435/79120;**

**Қармақшы ауданы – Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.**

**Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-02. Call-Center - 1432**

## Жаңажылдық сиқырды қалай қайтаруға болады?

Шынығызды айтыңызшы, жаңажылдық ғажайып әлі де сенесіз бе? Егер жауабыңыз «жоқ» болса, бірақ келе жатқан мейрамды күтудің ерекше әсерін қайта сезгіңіз келсе, мерекені тойлауға басқа жерге ауыстыруға уақыт келді. Біз Жаңа жылды тойлауға қолайлы орындардың тізімін жасап қойдық. Ал Банк ВТБ (Қазақстан)-ның кредитті кез келген таңдауыңызды жүзеге асыруға көмектеседі.

**Аяз Атанымның қонағы бол** Ертегілерге қайта сене бастау үшін Аяз Ата немесе Санта Клаус мекеніне саяхат таптырмас мүмкіндік. Бұл мейрімді кейіпкердің ең әсерлі мекен-жайларының бірі солтүстік Финляндияда, Лапландия еліне орналасқан. Мұнда Санта қыстағы мен сиқырлы ата өзі қонақ күтетін тақырыптық саябақ бар. Қарлы өлкеде киікті арбада серуендеп, эльфтармен ойнауға, түрлі аттракциондарда көңіл көтеруге және қысқы ойнауларды ойнауға болады. Бүгінде турагенттіктер көптеген Қазақстан азаматтарын осы ертегілер еліне апарды, дегенмен, саяхаттың бағасы да ғажап – отбасымен барып қайту орташа есеппен 10 000 евро тұрады. Ал Великий Устюг қаласының маңындағы орманда тұратын ресейлік Аяз Атаға барып қайту арзандау түседі. Оның

**КРЕДИТТЕР 15% - ДАН БАСТАП 5 000 000 ₸ ДЕЙІН**

5050 vtb-bank.kz

өлкеңіз таңғайып табиғаты да сізді қуантағыны сөзсіз.

**Күн шуағы. Теміз. Жаңажай.**

Егер қыстан әбден мезі болып, мерекені ерекше көңіл-күйде тойлағыңыз келсе, жылы өлкеге саяхаттанңыз. Жаңа жылды жағажылдық күту ұмытылмас естелік болады. Ең танымал «жаңажылдық бағы» – Таиланд. Мұнда ауа райы да тамаша, бұрынғы Кеңес үкіметі елдерінен келген туристерге арнап мерекелік дайындық шаралары да қарастырылған: пальманы безендіріп, отпашуларды сатып алған, ал жағалауда қызыл қалақ пен плавки киген

Аяз Аталар жүр! Мереке қызық болуына еш күмән жоқ. Сондай-ақ, үндістандық Гоа, Мысыр елі және өзге де танымал бағыттар да қазақстандық туристерді асыға күтіп, жаңажылдық атмосфераны әзірлеп қойған.

**Суық! Ыстық!**

Егер шетелег барғыңыз келмесе, жергілікті экзотика – қар жауған сәтте ашық ауадағы ыстық бассейнге түсуге кенес береміз! Суға түсу де, қысқы ойын-сауық та осында. Алматы облысында Шонжы ауылы маңында орналасқан термалды бұлақтар кешіне барып көріңіз. Мұндағы онан астам демалыс аймақтарының бәрінде келушілер саны азаймайды, сондықтан орнына алдын ала қазірден-ақ бастап тапсырыс берген жөн.

Өріне, ұмытылмас мерекө көп шығынды қажет етеді, дегенмен, ерекше әсер алуға қаржыны аямай толыққанды өмір сүруге кенес береміз. Ал кез келген жаңажылдық тілегіңізді жүзеге асыруға 5 жылға дейін мерзімге берілетін 5000000 теңгеге дейін Банк ВТБ (Қазақстан) кредиттері көмектеседі. Өтінішті [www.vtb-bank.kz](http://www.vtb-bank.kz) сайтында немесе 5050 нөміріне уақты телефоннан қоңырау шалу арқылы қалдыра аласыз.

(ҚР Ұлттық Банкімен 2019 жылдың 16 сәуірінде №1.2.14/39 лицензиясы берілген)

### Сатылады

• "Мағжан и К" ЖШС күріш тұқымның Элита (258 тг) және I репродукциялы (224 тг) "Янтарь", "Лидер" сорттарын ұсынады. Тұқымдар 40 кг қапта шығарылады. **Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG**

• "Мағжан и К" ЖШС жоңышқа тұқымның III репродукциялы "Жетісулық жергілікті" сортын ұсынады (1 кг бағасы 1200 тг). Тұқымдар 50 кг қапта шығарылады. **Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG**

(9-1)

### Хабарландыру

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы 2019 жылдың 18 желтоқсанынан бастап Қызылорда қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 48 мекен-жайында орналасқан ғимаратқа көшкендігін хабарлайды.

**«ААУ» МК» КЕ АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы.**

«Сыр бойы», «Қызылорда» «Ақжөңгі» «Ақжөңгі» «Ақжөңгі» және ауданның барлық басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: [smjarnama@mail.ru](mailto:smjarnama@mail.ru)